

«Бекітемін»
Мектеп директоры Қ.Рысбаев



«Майдантал» жалпы орта мектебі бойынша қыздар ұйымының
қыз балаларымен жүргізілетін жұмыс жоспары
2021-2022 оқу жылы

р/с	Жұмыстар мазмұны	Мерзімі	Жүргізілетін жұмыс түрі	Жауапты адамдар
1.	Қыз балалар жиналысын өткізу	Әр тоқсан сайын	Жиналыс, семинар, тренинг	ДТЖО
2.	Шешеге қарап қыз өсер	қазан	Тәрбие сағаты	ДТЖО Сынып жетекші.
3.	Қыздар гигиенасы туралы дәрігер кеңесі	қараша	кездесу	ДТЖО Сынып жетекші. Мектеп медбикесі
4.	«Бала тәрбиесі қоғам тәрбиесі»	желтоқсан	Аналар жиналысы	ДТЖО Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог
5.	«Қыздар сұлу көрінер қылығымен»	қаңтар	Сауалнама жүргізу (Пікір талас)	ДТЖО Сынып жетекші. Психолог
6.	«Иманды қыз, аяулы ана»	ақпан	Тәрбие сағаты (дөңгелек стол)	ДТЖО Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог
7.	Аяулы аналарға құрмет! «Әлемнің жарығын сыйладың сен маған»	наурыз	Аналармен кездесу	ДТЖО Сынып жетекші. Психолог
8.	«Қыздарға не жарасымды?»	сәуір	Сынып сағаты	ДТЖО Сынып жетекші. Әлеуметтік педагог
9.	Қыздар ұйымының жылдық есебі»	мамыр	Жиналыс	ДТЖО Сынып жетекші. Психолог

Қыз балалармен жүргізілетін жұмыс жоспары

Мақсаты: Сыныптағы әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық тәбие беру.

Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, әсемдік, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу. Бұл жұмыс қыз балаларға қамқорлық, ниет білдіру, жан жылулығын сезіндіру үшін және қыз баласына тән белгілі бір ұнату сезімін бастан кешіру кезінде түсініспеушілік болса, оған қыздардың мұңайып, өздеріне жамандық жасамауы үшін алдын алуға міндеттейді. Тек қана рухани тұрғыдан емес қыздарымызды таза, әсем, жарасымды киім киіп, өздерін күтуге, шаш өруге, шаштарын соңғы сән үлгісімен өздеріне жарасатындай киюге кеңес беру, үйрету ескеріледі. Сонымен бірге өз құқықтырын біліп, өздерін қорғауға және мектеп оқушыларының, яғни өз міндеттерін дұрыс орындауға тәрбиелеу.

Оқып-үйрену процесінің ерекшелігін және күрделілігін ескере отырып, қыз балалар тәрбиесінің табысты болуына төмендегідей қолайлы жағдайларды жасау ескерілмек:

- Мектептегі жаймашуақ орта;
- Мұғалімдер, сынып жетекшілері тарапынан тәрбиеленуші қыздарға құрмет пен сенім;
- Әрбір оқушы қыз баланың мүддесіне көңіл қою;
- Айналадағы адамдардың мүдделерін есепке алып, балалардың өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету;
- Мәселелерді шешу барысында тәсілдер табу бойынша жеке мысалдарды өзіндік пікірін айтуға қолдау көрсету.

Мектепте қыз балалардың тәрбиесіне, оларда заман талабына сай бойжеткен идеалын қалыптастыруға және мінез-құлық критерийлерін нақты айқындауға ерекше көңіл аудару қажет.